



Ата Заңым – азат елдің айбары

Кеше аудан орталығының «Тәуелсіздік» саябағында Ұлы Конституцияның 20 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

Елдігіміздің алтын айғағы болған Қазақстан Республикасының

Конституция күні - барлық қазақстандықтар үшін қасиетті мереке. Негізгі заң тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі

қағидаттарын бекітті, демократиялық институттардың дамуына импульс берді, қоғамда азаматтық бейбітшілік пен келісімді ұзартты.

Мемлекетіміздің Конституциясы – бұл біздің береке-бірлігіміздің кепілдігі, биліктің барлық буынының жолға қойылған және тиімді жұмысы, еңбек ету, лайықты өмір сүру және жан-жақты үйлесімді даму үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіту, ұлтаралық келісім мен елдің гүлденуі болып табылады. Мінекей, биыл біздің Ата Заңымызға – 20 жыл толды. Бұл мереке еліміздің

түкпір-түкпірінде тойлануда. Біздің де аудан орталығы - Киевка кентінің «Тәуелсіздік» саябағында аталмыш мереке ұлықталды.

Кейінгі екі-үш күнде салқын қабақ танытып тұрған күннің өзі де ерекше мейірін төгіп, жиналған халықтың еңсесін көтеріп тастады.

Жүргізушілердің мерекені ашық деп жарияласымен, мемлекеттік өнұран шырқалып, аудан әкімі Қ.Бексұлтанов жиналған қауымды мерекемен құттықтады.

Жалғасы 6-бетте





Ата Заңым – азат елдің айбары

Аудан әкімінің құттықтауынан соң «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен Қазақстан Республикасының ұлықтығын қамтамасыз етуге, елдің тәуелсіздігін, қазақстандық қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, қалыптасуы мен дамуына салмақты үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары, жерлестеріміз, келесі азаматтар марапатталды: «Шахтерское» ЖШС директоры Г.Г.Прокоп, Нұра ауданының мәслихат хатшысы Б.Қ.Шайжанов, зейнеткер, аудандық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі А.П.Романенко, зейнеткер, «Нұра ауданы ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің

жаттықтырушысы Г.А.Баранов марапатталды. Салтанатты шараның жылдағы дәстүрге сай, жылына бір-ақ рет және тек екі азаматқа ғана берілетін,



төрайымы К.Ә.Жұмаділова, зейнеткер, аудан әкімі жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.П.Әрінов, Нұра ауданы әкімі аппаратының басшысы С.А.Мұқанова, Нұра ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы О.Қаңтарбай, Нұра ауданының өнеркәсіп және кәсіпкерлік бөлімінің бастығы Ж.Ә.Мұхамеджанов, Нұра ауданының экономика және қаржы бөлімінің бастығы М.С.Мұхамеджанова, К.Мыңбаев ауылы әкімі аппаратының бас маманы Н.А.Старчевая, «Жанбөбек» ЖШС директоры Ж.Жақсыбаев, «Б.К.Муханалиев» ШҚ басшысы Б.Қ.Муханалиев, аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры А.А.Кумпан, «Тірек мектеп №3 Киевка ОМ» КММ-нің директоры С.Н.Сағымбеков, «Киевка №1 орта мектебі» КММ математика пәнінің



ұстазы Г.А. Шестюк. Аталмыш марапат пен мадақталғандар атынан «Шахтерское ЖШС» директоры Г.Г.Прокоп жиналған қауымды Аза Заң мерекесімен құттықтап, Елбасына алғысын білдірді.

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау науқанына белсенді қатысқаны үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алғысы келесі жерлестеріміз: «Жараспай» ЖШС директоры С.О.Қоңырбаев,

аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Ө.К.Есмағамбетова, Киевка №3 мектебі директорының төрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Н.Юнгенштейнге табыстады.

Қоғамдық саяси өмірге белсенді қатысқаны үшін, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегіне және де Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдық мерейтойын мерекелеуге байланысты Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен Нұра ауданы сотының төрағасы С.М.Жұмабеков, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына және 2003 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Республикасының Прези-



ауданның ең жоғарғы марапаттарының бірі, «Нұра ауданының Құрметті азаматы» атағы аудан алдында сіңірген ерекше еңбегі, мемлекеттік және қоғамдық қызметі, жоғары жетістіктері мен еңбектегі ерліктері үшін зейнеткер, аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Романенко Анатолий Павлович пен «Жараспай» ЖШС директоры Сейілхан Оспанбайұлы Қоңырбаевқа берілді.

Ауданымыздың саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегі және шығармашылық үлестері үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен зейнеткер, Көбетей ауылының Ардагерлер кеңесінің төрайымы Алибекова Шахзада Мәжитқызы, Нұра ауданының әділет басқармасы басшысының орынбасары Г.Д.Әшкенова, Нұра аудандық соты канцеляриясының бас маманы А.Е.Нығметов, аудандық ішкі істер бөлімінің техникалық қызметтік тобының технигі, полиция аға сержанты М.З.Бейсекева марапатталды. Сонымен қатар салтанаты шара барысында кеше



ғана облыс көлемінде мемлекеттік қызметкерлер арасында өткен «Жас дарын» байқауының бас жүлдегері Нариманов Жанболат Ахунұлы аудан әкімі Қ.Б.Бексүлтанов құттықтады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Тіркеу қызметі жөне құқықтық көмек көрсету комитетінің мемлекеттік мекемелері - халыққа қызмет көрсету орталығы Нұра ауданы филиалының директоры Н.Н.Турманов Ата Заңымыздың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында, осы салтанатты шара барысында Майорка ауылының тұрғыны Отызбаева Жамила Шалабайқызына Қазақстан Республикасының азаматы екенін айғақтайтын жеке басының куәлігін табыстады.



Меруерт Муханалиева, Баршын ауылы

Салтанатты шара соңы аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің Ұлы Конституцияның 20 жылдығына арналып өзірленген «Қара қылды қақ жарған» концерттік композициясына ұласты.



денті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Спорт күніне орай Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Балаалар - жасөспірімдер спорт мектебінің